

**"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 16.02.2026 жыл

уақыты: 09⁰⁰

Отырысқа емхана ұжымы қатысты. Ақпараттандыру баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлық ұғымы және оның түрлері
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік
3. Алдын алу шаралары және әр қызметкердің рөлі

Іс-шараның мақсаты:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның қоғамға тигізетін зиянын түсіндіру, заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру және қызметкерлер арасында адалдық қағидаттарын нығайту.

Негіздеме: жоспарлы.

Баяндама жасаған:

Комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев



Баяндамадан үзінді:

Жауапты тұлға сыбайлас жемқорлықтың мәні мен оның негізгі белгілері туралы түсіндірме жүргізді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік шаралары айтылды. Сонымен қатар, ұйым ішінде адалдық мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары талқыланды.

Талқыланды:

Қатысушылар тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсыныстар айтылып, нақты жағдайлар бойынша сұрақтар қойылды. Әр қызметкердің жеке жауапкершілігі мен этикалық нормаларды сақтау маңыздылығы атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптары қатаң сақталсын.
2. Қызметкерлер арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Құқық бұзушылық фактілері анықталған жағдайда заңға сәйкес шаралар қабылдансын.
4. Әрбір қызметкер өз қызметінде адалдық және ашықтық қағидаттарын ұстансын.

Комплаенс-офицер

Е. Нургазиев